

1. Өзіндік құн және оның құрылымы

Өнімді өндіруге және өткізуге жұмсалатын кәсіпорынның барлық ақшалай түрдегі шығындары

Қазіргі нарықтық экономикада, үлкен бәсекелестік деңгейінде әр кәсіпорын нарықты өз орнын алуға ұмтылады, сондықтан бәсекелестік қабілетке ие болу үшін әрбір шығарған өнімнің өзіндік құны төмен, әрі сапалы болуға ұмтылуы керек. Жоғарыда аталған өнімнің өзіндік құнға кіретін шығындарының кейбір түрлерін қысқарту, (мысалға өндірістік ақыларды айыппұл, болдырмауға тырысу, штраф) сөйтіп өнімнің өзіндік құнын төмендетуге әр кәсіпорын талпынуы қажет.

Өнімнің өзіндік құны оның құнының бір бөлігі. Ал өнімнің құны өндірістік кәсіпорынның жиналатын пайдасы, осы пайданың бір бөлігі орталықтанған жүйе бойынша халық, мемлекет пайдасына ұласады. Өнімнің өзіндік құнының сомасы мен оның құнының арасындағы айырмашылық өнімнің құнының төмендеу негізі болуы керек.

Өнімді өндіру процесінде шикізат, материалдар, отын, энергия, еңбек ақы және т.с.с шығындар жұмсалады. Олардың жалпы сомасы өндіріс шығындарын құрайды (өнімнің өзіндік құнын).

Өзіндік құн – өнім өндіруге және өткізуге кеткен барлық шығындар. Жалпы алғанда өзіндік құнның құрамы келесі түрде көрсетіледі:

$$\Theta\text{Қ} = \text{M} + \text{A} + \text{EA}$$

мұндағы М – материалдық шығындар, А – амортизация, EA – еңбек ақы.

Өзіндік құн бағаның бір бөлігі ретінде қарастырылады:

$$\text{B} = \Theta\text{Қ} + \text{П} + \text{ҚҚС}$$

Өзіндік құнды төмендету арқылы қоғамның таза табысы, кәсіпорын пайдасы өседі. Әртүрлі кәсіпорындарда шығарылатын бірдей өнімнің өзіндік құны әртүрлі болуы мүмкін. Жоғары болған өзіндік құн кәсіпорында өндірісі процесі нашар ұйымдастырылғанын көрсетеді, басқалармен салыстырғанда.

Өзіндік құн келесі мақсаттарда қолданылады:

- ✓ Бағаны анықтау үшін
- ✓ Кәсіпорынның қаржылық жағдайын сипаттау үшін
- ✓ Менеджерлер оперативті шешім қабылдау үшін

Өзіндік құнды барлық өнім бойынша, жеке оның түрлері, процестері, бөлшектері, бөлімшелер мен цехтер бойынша анықтауға болады.

Өндіріске кеткен шығындарды белгілі бір белгілерге қарай бөлуге болады. Шығындардың негізгі тобына келесі шығындар кіреді:

— экономикалық элемент бойынша (экономикалық мағынасына қарай) – барлық шығындар экономикалық бірінғайлығы бар жеке топтарға жинақталады (олардың пайда болу орнына және мақсатына тәуелсіз. Олардың негізгі түрлері:

- *Материалдық шығындар* – шикізат пен материалдардың қайтарылатын қалдық құнын алып тастағандағы құны.
- *Еңбек ақы.*
- *Еңбек ақыдан жасалынатын әлеуметтік төлемдер-зейнетақы қорына, жұмыс бастылық қорына, әлеуметтік сақтандыру қорына, медициналық сақтандыру қорына.*
- *амортизация.*

➤ *Басқа шығындар* – жөндеуге кеткен, несие пайыздарын төлеу, айыпақылар, жарнама және т.с.с.

— шығын баптары бойынша: Шығын баптары деп бір немесе бірнеше экономикалық элементі бар шығындарды айтады. Калькуляция баптары шығындардың мақсатын және пайда болу орнын есебке алады. Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау деп өнім бірлігіне кеткен шығындарды анықтау процесін атайды.

Негізгі шығындар өнім өндірумен тікелей байланысты болады, ал үстеме және мерзім шығындары бөлімшелерге, жалпы өндіріске қызмет көрсету және басқару шығындарын сипаттайды.

Егер шығын бапына бір шығын элементі кірсе оны қарапайым деп атайды, егер бірнеше элемент кірсе, оны кешенді бап деп атайды.

Шығындарды сондай-ақ, тура және жанама деп бөлуге болады, егер шығын нақты өнім шығарумен байланысты болса, оны тура деп атайды, егер ол бірнеше өнімге қатысты болса, оны жанама деп атайды.

Шығындар калькуляциясы төмендегі кестеде көрсетілген

Калькуляция шығындарының баптары.

№ п.п.	Баптар	Шығындар	Шығын түрі
1.	Шикізат пен негізгі материалдар	негізгі	қарапайым, тура
2.	Қайтарылатын қалдықтар құны	негізгі	қарапайым, тура
3.	Жартылай фабрикаттар, көмекші материалдар	негізгі	қарапайым, тура
4.	Техн.мақсаттағы отын және энергия	негізгі	қарапайым, тура
5.	Өндір.жұмысш негізгі еңбек ақысы	негізгі	қарапайым, тура
6.	Өндір.жұмысш.қосымша еңбек ақысы	негізгі	қарапайым, тура
7.	Әлеуметтік төлемдер	негізгі	қарапайым, тура
8.	Жаңа өнімді даярлау және игеру шығыны	негізгі	кешенді, тура
9.	Жабдықты күту және пайд.шығындары	негізгі	кешенді, жанама
10.	Басқа үстеме шығындар	үстеме	кешенді, жанама
Өндірістік өзіндік құн = 1 – 10 сомасы			
11.	Мерзім шығындары	үстеме	кешенді, жанама
Толық өзіндік құн = Өндірістік өзіндік құн +11			

Шетелде шығындарды өндіріс көлемінің өзгеруіне қарай тұрақты және өзгермелі деп бөледі. Шартты тұрақты шығындар өндіріс көлемінің өзгеруіне тәуелсіз болады, ал өзгермелі шығындар оған тура пропорционалды өзгереді.

Шығындардың тұрақты және өзгермелі болуы белгілі бір релеванттық облыста ғана болады. *Релеванттық облысы* – шығындар біріңғай заңдылыққа бағынатын облыс шектері.

Калькуляция бантары	Өзіндік құнның түрлері			
1. Негізгі шкізат және материалдар 2. Кері қайтарылатын қалдықтар (алып тасталады) 3. Сатып алынатын бұйымдар ш/ф, өнеркәсіп сипатындағы қызметтер 4. Технологиялық максаттарға энергия мен жанармай 5. Көлік дабындау шығындары 6. Өндірістік жұмысшылардың негізгі жалақысы 7. Өндірістік жұмысшылардың қосымша жалақысы 8. Өлеуметтік қажеттіліктерге бөлу 9. Өндірісті игеруге және дабындауға шығындар 10. ҚПҰБШ (Құралдарды пайдалану және ұстауы бойынша шығындар) 11. Арнайы құрал 12. Некеден жоғалтулар	Т Е Х Н О Л О Г И Я Л Ы Қ	Ц Е Х Т Ы Қ	Ө Н Д І Р І С Т І Қ	Т О Л Ы Қ
13. Цехтық шығындар				
14. Жалпы зауыттық шығындар 15. Басқа да өндірістік шығындар				
16. Коммерциялық шығындар (өніріден тыс шығындар)				

Әр кәсіпорын үшін (әсіресе жаңа) қай уақыттан бастап ол пайда алады деген сұраққа жауап табу өте маңызды болады. *Сатудың шекті көлемі* – бұл кәсіпорын табыстары оның шығындарына тең болатын өндіріс көлемі. Осы шекті көлемді анықтау формулалары келесі:

$C_{ед}$ – өнім бірлігінің бағасы. X – сатулардың шекті көлемі.


C_f – тұрақты шығындар. C_v – өзгермелі шығындар, өнім бірлігіне саналған.

$$C \cdot X = C_f + C_v \cdot X$$

$$C \cdot X - C_v \cdot X = C_f$$

$$X(C - C_v) = C_f$$

$$X = \frac{C_f}{C_{ед} - C_v}$$



Өзіндік құнды төмендету әртүрлі факторларға тәуелді болады. Ең негізгілерге келесіні жатқызуға болады:

1) өнім өндіруді өсіру (тұрақты шығындар бойынша түсетін үнем арқылы).

$$\Delta_n = \left(\frac{C_f}{B_1} - \frac{C_f}{B_2} \right) B_2$$

$$\Delta_n = C_f \frac{B_2 - B_1}{B_1}$$

B_1 – өсіруге дейінгі өнім көлемі;

B_2 – өнім шығарудың жаңа мөлшері.

2) Материал сыйымдылығын азайту (шикізат пен материалдар бойынша үнем болады).

3) өнім өндіру өсімін еңбек ақы өсімінен жоғары етіп жасау (еңбек ақы бойынша үнем болады).

4) Жаңа техниканы енгізу арқылы, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру.

$$\Delta_2 = (C_1 - C_2) B_1$$

C_1 – шараға дейінгі өнім бірлігінің өзіндік құны.

C_2 – шарадан кейінгі өнім бірлігінің өзіндік құны.

B_2 – шарадан кейін шығарылатын өнім көлемі.

5) өнімнің қор сыйымдылығын азайту арқылы (амортизация бойынша үнемдеу).

6) Қалдықтарды және жоғалтуларды азайту шараларын енгізу.

Іс жүзінде өзіндік құнның келесі көрсеткіштері қолданылады:

1) Өндіріс шығындарының сметасы.

2) Өнім бірлігінің және тауарлық өнімнің өзіндік құны.

3) Өзіндік құнды төмендету көрсеткіштері.

4) Тауарлық өнімнің 1 теңгесіне шаққандағы шығындар.

$$z_m = \frac{C_m}{N_m}$$

Кәсіпорында өзіндік құнды жоспарлау процесінде келесі шаралар жүргізіледі:

1) Өндірістік бағдарламаны орындауға қажет барлық шығындар көрсетілетін өндіріс шығындарының сметасы құрастырылады. Көбінесе, сметаны жалпы кәсіпорын бойынша емес, жеке цехтер, бөлімшелер бойынша құрастырылады, одан кейін нәтижелер қосылады.

2) Жеке өнім түрлерінің өзіндік құнын калькуляциялайды (жеке тапсырыстар, секциялар, партиялар және т.с.с. бойынша). Біріңғай өнім шығаратын көмекші цехтарда (эл. энергия, көлік қызметтері және т.с.с.), калькуляция объектісі ретінде шығарылатын өнімнің бірлігі алынады (кВт./сағ, т. және т.с.с.).

Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау келесі әдістермен жүзеге асырылады:

— *нормативтік* – материалдық және еңбек нормативтерін қолдануға негізделген.

— *кезеңді* – жаппай өндірістерде қолданылады, мұнда өнім бірнеше өңдеу кезеңдерінен өтуге тиіс. Соңғы өнім оны бірнеше кезеңдерде өңдеудің нәтижесі ретінде болады.

— *Тапсырыс бойынша* – қайталанбайтын өнім бірліктерін шығаратын кәсіпорындарда қолданылады.

— *Операция бойынша* – егер тауарлардың жалпы және жеке сипаттамалары бар болса, қолданылады.

1. Кәсіпорындардың шығындары, олардың түрлері және өндірілетін өнімнің өзіндік құны туралы түсінік.
2. Өнімнің өзіндік құнының түрлері.
3. Өнімнің өзіндік құнының құрылымы және оның әр түрлі салалардағы ерекшеліктері.
4. Кәсіпорынның экономикалық элементтері бойынша өнімді өндіруге кететін шығындар жіктелуі.
5. Тұрақты және өзгермелі шығындар.
6. Кәсіпорындардағы шығындар құрамы.
7. Өнімнің өзіндік құнының калькуляциялық статьялар бойынша өнімнің өзіндік құнына кіретін шығындары.
8. Өнімнің өзіндік құнының калькуляциялардың түрлері. Калькуляциялаудың әдістері.
9. Өндіріс және өнімді өткізу шығындарды есепке алу әдістері.
10. Өнімнің өзіндік құнының көрсеткіштері.
11. Өндіріс шығындарын анықтаудағы шет елдер тәжірибесі.
12. Өнімнің өзіндік құнын азайтудың мәні, көздері және факторлары.

Өз бетінше орындауға арналған тапсырмалар:

Есеп №1: Кәсіпорынның өнім өндіруге жұмсалатын шығындары туралы колда бар деректерден оларды бухгалтерлік және анық емес шығындарға топтастырылып, экономикалық шығындарын есептеу керек. *тенге*

№	Көрсеткіш	Мағынасы
1	Жұмысшылардың жалақысы	400000
2	Кәсіпкердің жалақысы	60000
3	Отбасы мүшелерінің жалақысы	20000
4	Материалдар	200000
5	Несие үшін пайыз төлемі	100000
6	Меншік капиталының пайызы	30000
7	Амортизация	250000
8	Жер рентасы	400000

Есеп №2: Кестені толтырып, «Барс», ЖШС-нің Q1=7000 бірлік, Q2=8000 бірлік, Q 3=9000 бірлік, болғанда кәсіпорынның өнім шығару деңгейінде өзгеруге бейімделген өнім өндіруге икемді смета жасау керек.

Шығыс бабы	Смета формуласы	Q1	Q2	Q3
Негізгі жұмысшылар еңбегі	өнімнің бір бірлігіне 60 тенге			
Негізгі материалдар	өнімнің бір бірлігіне 50 тенге			
Жүкқұжат шығындары				
-қосымша жұмысшылар еңбегіне	400000 тұрақты шығын+өнімнің бір бірлігіне 40 тенге			

- жарық пен жылуға	60000 тұрақты шығын			
-энергияға	өнімнің бір бірлігіне			
-техникалық қызмет көрсетуге	50000 теңге тұрақты шығын+өнімнің бір бірлігіне 20 теңге			
-қосымша материалдар	өнімнің бір бірлігіне 5 теңге			
- машина және жабдық амортизациясы	100000 теңге тұрақты шығын			
Қорытынды:				

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Кәсіпорын шығындары – өндіріске енгізетін факторларды алуға жұмсалатын шығындар; ресурс өнімдерін өндіруге және өткізуге қолданатын ақшалай көрініс.

Айқын шығындар – кәсіпорынның қолданылатын ресурстарға төлемі (шикізат, материал, отын, энергия алуға, еңбекақы төлеуге, өтелімге жұмсалатын шығын, көлік, сақтандыру және басқа да кәсіпорын ақшалай формада төлейтін шығыстары); нарық бағасымен алынған өндіріс факторларының нақты шығындары.

Өзгермелі шығындар – шығарылатын өнімнің көлемі тікелей үйлесімді өзгертін және шығарылым құрылымына тәуелді болатын шығындар.

Тұрақты шығындар – қысқа мерзімді кезеңде өндіріс көлемінен және құрылымына тәелсіз шығындар.

Тікелей шығындар – нақты бір өнім түрін өндірумен байланысты экономикалық бір текті шығыстар.

Жанама шығындар – өнімнің бірнеше түрін дайындаумен немесе оны өңдеудің түрлі кезеңдермен байланысты болғандықтан жекелеген бұйымдарды тікелей тиісті белгісіне қарай есептеуге болмайтын шығындар.

Смета – болжалды нәтижеге жету үшін қажетті жұмсайтын түрі мен орны бойынша шығындар мөлшерін анықтайтын ақша өлшеуішімен көрінетін жоспар.

Шартты – табиғи калькуляциялық бірліктің өзіндік құны мына формуламен анықталады (Снег):

$$Снег = ШЖсал / (1 * Бнег + Б1 * K1 + K2 * B2 + ... + Ki * Bi),$$

Мұнда ШЖал – барлық бұйым өндірісіне жұмсалатын жалпы шығындар (өндірістік өзіндік құн);

Бнег – негізгі бұйымды шығару көлемі;

Ki – i- бұйымға жұмсалатын шығынның негізгі бұйым шығыннан айырмашылығын көрсететін коэффициент;

Bi – i-бұйымының шығарылу көлемі;

I – бұйымның өзіндік құны мұндай жағдайда мына формуламен есептеледі:

$$\Theta_i = \Theta_{нег} * K_i,$$

Мына кәсіпорындарда калькуляцияның процестік әдісі қолданылады:

- Біркелкі өнімдерді сериялы және жаппай шығаратын;
- Үздіксіз өндіріс кезеңі бар;
- Процесс деп аталатын өндірістік кезеңдегі жекелеген бөліктеріндегі әрбір өндіріс бөлімшілерінің орындауын қарайтын технологияны қолданатын;
- Бүкіл өндіріс процесін тұрақты қайталатын операцияға бөлуге мүмкін жағдайда әр түрлі бұйым шығаратын.

Процестік калькуляция сызбасы:

$$ШЖал = Ш1 + Ш2 + \dots + Шi,$$

Мұнда Ш1, Ш2, Шi – 1,2 және i – ші процестердегі өндіріс шығыны.

Бұйым бірлігінің өзіндік құны (Θ_i) процестік әдісті қолданғанда мына формуламен есептеледі:

$$\Theta = ШЖал / B_i.$$

Мысал. Өнеркәсіптік кәсіпорында бір бұйымның үш түрі: А, В және С өндіріледі. Оларды өндіруге жұмсалған шығындар бір біріне мынадай арақатынаста: 1:1,2 және 1:1,5. Өндіруге жұмсалған шығын 380000 теңгені құрайды. Бұйымдар мынадай мөлшерде дайындалады: А- 600кг, В – 400 кг, С – 100 кг.

Шартты – табиғи калькуляциялық бірліктің өзіндік құнын пайдаланып өнімнің әрбір түрінің өзіндік құнын есептеу керек.

Шешуі: 1. Шартты – табиғи калькуляциялық бірліктің өзіндік құнын және мына формула бойынша А бұйымының өзіндік құнын есептейміз:

$$\Theta_{нег} = ШЖал / (1 * B_{нег} + K1 * B1 + K2 * B2 + \dots + Ki * Bi),$$

Мұнда ШЖал – барлық бұйымды өндіруге жұмсалатын жалпы шығындар (өндірістің өзіндік құны);

Bнег – негізгі бұйымның шығарылу көлемі;

Ki – i-бұйымына жұмсалған шығынның негізгі бұйымға жұмсалған шығыннан айырмашылығын көрсететін коэффициент;

Bi – i-бұйымның шығарылу көлемі.

Шартты-табиғи калькуляциялық бірліктің өзіндік құны ($\Theta_{нег}$) және А бұйымының өзіндік құны (Θ_a) тең:

$$\Theta_a = 380000 \text{ теңге} : (1 * 600 \text{ дана} + 1,2 * 400 \text{ дана} + 1,5 * 100 \text{ дана}) = 308,94 \text{ теңге}.$$

3. i – бұйымның өзіндік құны (Θ_i) мына формула бойынша есептеледі:

$$\Theta_i = \Theta_{нег} * K_i.$$

В бұйымның өзіндік құны: $\Theta_v = 308,94 \text{ теңге} * 1,2 = 370,73 \text{ теңгені}$ құрайды;

С бұйымының өзіндік құны: $\Theta_c = 308,94 \text{ теңге} * 1,5 = 463,41 \text{ теңге}.$

№ 10 тапсырма дәріс материалдарын, сондай-ақ қосымша оқулықтар мен оқу құралдарын, экономикалық әдебиеттер мен мерзімді басылымдар мәліметтерін пайдалана отырып жеке орындалады.